



Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Научно-производственный центр трансфузиологии» Министерства здравоохранения Республики Казахстан

| | | | |
|-------------------|--|---|-------------------|
| Коды: | Е-02(03)-13-25 | | |
| Атауы: | ҚР ДСМ «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК биоэтика жөніндегі жергілікті комиссия туралы ереже | | |
| Бекітілді: | ҚР ДСМ «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК Басқарма төрағасының 2025 жылғы «21» 01 № 474/б бұйрығы | | |
| Әзірлеуші: | <i>Т.А.Ә.</i> | <i>Лауазымы</i> | <i>Қолы</i> |
| | К.Х. Жангазиева | Ғылыми зерттеулер менеджменті бөлімінің бастығы | |
| Келісілді: | А.Б. Тлеубаева | Адами ресурстарын дамыту басқармасының басшысы | |
| | Н.Б. Алпамыс | Сапаны бақылау жөніндегі менеджер | |
| Көшірме: | № _____ | _____ <i>Т.А.Ә.</i> | _____ <i>Қолы</i> |

Астана қ, 2025



1 БӨЛІМ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Осы Ереже Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК Биоэтика жөніндегі жергілікті комиссиясының (бұдан әрі - БЖК) функциялары мен өкілеттіктерін айқындайды.

1.2 БЖК ТҒӨО-да құжаттарға сараптама, қорытынды беру және биомедициналық зерттеулердің барысына биоэтикалық мониторинг жүргізетін тұрақты жұмыс істейтін тәуелсіз сараптама органы болып табылады.

1.3 БЖК өз қызметін жұмыс жоспарына сәйкес тұрақты негізде жүзеге асырады.

1.4 БЖК ТҒӨО басшысының бұйрығымен биомедициналық зерттеулерге қатысушыларға қатысты этикалық нормаларды, ғылым мен технологияның заманауи жетістіктерін пайдалану кезінде денсаулыққа, әл-ауқатқа және қауіпсіздікке құқықтарды сақтау бойынша тәуелсіз бағалауды жүзеге асыру үшін құрылады.

1.5 БЖК өз қызметі барысында мынадай құжаттарды басшылыққа алады:

1) 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы;

2) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексімен; 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI (өзгерістермен және толықтырулармен)

3) «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға клиникалық зерттеулер, тірі организмнен тыс (in vitro) диагностика үшін медициналық бұйымдарға клиникалық-зертханалық сынаулар жүргізу қағидаларын және клиникалық базалар мен «Фармакологиялық және дәрілік заттарды, медициналық бұйымдарды клиникалық зерттеуді және (немесе) сынауды жүргізуге рұқсат беру» мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-248/2020 бұйрығы;

4) «Биомедициналық зерттеулер жүргізу қағидаларын және зерттеу орталықтарына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-310/2020 бұйрығы.

5) «Клиникаға дейінгі (клиникалық емес) зерттеулер жүргізу қағидаларын және медициналық бұйымдардың биологиялық әсерін бағалаудың клиникаға дейінгі базаларына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-255/2020 бұйрығы.

6) «Тиісті фармацевтикалық практиканы бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2021 жылғы 4 ақпандағы № ҚР ДСМ-15 бұйрығы.

7) «Адамдардың қатысуымен биомедициналық зерттеулермен айналысатын дәрігерлерге арналған ұсынымдар» дүниежүзілік медициналық қауымдастығының Хельсинки декларациясы;

8) ICN Harmonized Tripartite Guideline for Good Clinical Practice (ICN GCP) клиникалық зерттеулер жүргізі жөніндегі халықаралық стандарттар;

9) Адам құқықтары және биомедицина туралы конвенциясы, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ұсынымдары, биомедициналық зерттеулерге сараптама жүргізетін комиссиялар;

10) эксперименттік және басқа да ғылыми мақсаттарда пайдаланылатын омыртқалы жануарлардың құқықтарын қорғау жөніндегі Еуропалық конвенция;

11) Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілері;

12) Осы ТҒӨО этикасы мәселелері жөніндегі жергілікті комиссияның ережесі (бұдан әрі - Ереже).

1.5 Осы Ережеде мынадай анықтамалар мен терминдер пайдаланылады:

1) биомедициналық зерттеу – өмір, адам денсаулығы, аурулар, оларды диагностикалау, емдеу немесе алдын алу және өмір процестеріне, ауруларға және денсаулыққа байланысты генетикалық және экологиялық факторлар туралы жаңа білімнің ғылыми әдістерін алуға бағытталған зерттеу;



2) биоэтика – өмір туралы ғылымдардың жаңа жетістіктерін қолданудың моральдық, әлеуметтік, құқықтық аспектілерін талдау мақсатында биомедициналық және гуманитарлық ғылымдарды біріктіретін пәнаралық ғылыми бағыт;

3) клиникалық зерттеу – аурудың алдын алу, диагностикалау және емдеу құралдарының, әдістері мен технологияларының қауіпсіздігі мен тиімділігін анықтау немесе растау үшін жүргізілетін субъект ретінде адамның қатысуымен жүргізілетін зерттеу;

4) әдеп қағидаттары – адам денсаулығы саласындағы қызметті адамгершілікке бағдарлайтын талаптар жиынтығы;

5) әдеп мәселелері жөніндегі комиссия - зерттеуге қатысатын адамдардың құқықтарының, қауіпсіздігінің және денсаулығының сақталуын қамтамасыз ету үшін барлық ғылыми зерттеулерге этикалық және құқықтық сараптаманы жүзеге асыратын мамандардың көп тәртіптік тобынан тұратын тұрақты жұмыс істейтін консультативтік-кеңесші орган;

6) өтініш беруші – тәуелсіз биоэтикалық сараптама жүргізуге өтінім берген жеке және заңды тұлғалар;

7) ақпараттандырылған келісім – субъектінің нақты зерттеуге қатысуға өзінің келісімін оның шешім қабылдауы үшін маңызды зерттеудің барлық аспектілері туралы ақпарат алғаннан кейін ерікті түрде растау рәсімі. Ақпараттандырылған келісім ақпараттандырылған келісім нысанына қол қою және танысу арқылы құжатталады;

8) мүдделер қақтығысы – лауазымдық міндеттердің орындалуына жеке мүдделер әсер етуі мүмкін лауазымдық міндеттер мен лауазымды адамның жеке мүдделерінің қайшылығы;

9) ақпараттың құпиялылығы – белгілі бір ақпаратқа қол жеткізген тұлғаның орындауы үшін міндетті, мұндай ақпаратты иесінің келісімінсіз үшінші тұлғаларға бермеуге қойылатын талап.

2 БӨЛІМ БЖК ҚЫЗМЕТ МАҚСАТТАРЫ

2.1 БЖК негізгі мақсаттары болып табылады:

1) биология мен медицинадағы инновациялық жетістіктерді пайдалана отырып, ғылыми зерттеулерде адамның құқықтарын, қадір-қасиетін және денсаулығын қорғау.

3 БӨЛІМ БЖК НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

3.1 Мыналар БЖК негізгі міндеттері болып табылады:

1) зерттеу құжаттарына тәуелсіз сараптама жүргізу;

2) зерттеуді жоспарлау және жүргізу сатыларында адам құқықтарының қауіпсіздігі мен сақталуын тәуелсіз бағалау;

3) клиникалық зерттеу бағдарламасының тиісті клиникалық және ғылыми практика стандарттарына, зерттеушілердің біліктілігіне сәйкестігін, сондай-ақ осы зерттеуді жүргізетін денсаулық сақтау ұйымын техникалық жарақтандырудың жай-күйін бағалау;

4) клиникалық зерттеулер жүргізу кезінде халықаралық және ұлттық этикалық нормалардың сақталуын бағалау;

5) биоэтика мәселелері бойынша нормативтік құжаттарды әзірлеуге қатысу.

4 БӨЛІМ БЖК НЕГІЗГІ ФУНКЦИЯЛАРЫ

4.1 БЖК өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес қатысушылардың әдеп нормаларының, құқықтары мен денсаулығының сақталуын бақылауды жүзеге асырады:

1) жаңа медициналық технологиялар мен препараттарды қолдана отырып, клиникаға дейінгі (клиникалық емес) зерттеулер, клиникалық зерттеулер және медициналық-биологиялық эксперименттер материалдарына моральдық-этикалық және құқықтық сараптама жүргізу;

| | | | |
|---|---|----------------|-----------------|
|  | ҚР ДСМ «Трансфизиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК биоэтика жөніндегі жергілікті комиссия туралы ереже | Е-02(03)-13-25 | 7 беттің 4-беті |
|---|---|----------------|-----------------|

2) клиникаға дейінгі сынақтарды (зерттеулерді), медициналық-биологиялық эксперименттерді және клиникалық зерттеулерді жүргізудің ғылыми негізділігін және зерттелетін технологиялар мен препараттардың болжамды тиімділігі мен қауіпсіздігін бағалауға;

3) зерттеу барысына оны жүргізуге рұқсат алғаннан кейін және БЖК шешімдерінің орындалуына ағымдағы бақылау жүргізу;

4) этикалық комиссияның қызметі туралы материалдарды мамандандырылған медициналық журналдарда жариялау.

4.2 БЖК өз қызметінде:

1) денсаулық сақтау саласындағы құқықтық және этикалық реттеудің озық тәжірибесін зерделейді және қолданады;

2) нормативтік құқықтық актілерге сәйкес бекітілген тәртіпке сәйкес қажетті құжаттаманы (БЖК мүшелерінің тізімдері, отырыстардың хаттамалары, клиникалық зерттеулер материалдары, есептер және басқа да құжаттар) жүргізеді және сақтайды;

3) субъектілерді ақпараттандыруға, субъектілерді іріктеу рәсімдеріне, ақпараттың құпиялылығына және субъектілерге төленетін төлемдерге қатысты барлық мәселелерді қарайды (мұндай жағдайлар болған кезде);

4) зерттеушілердің біліктілігі мен тәжірибесінің сәйкестігін және ұсынылған базада осы зерттеуді жүргізуге қатысу мүмкіндігін бағалауды жүргізеді;

5) этикалық және құқықтық жанжалдардың алдын алу және шешу мақсатында зерттеулердің барлық қатысушыларына, медициналық және қызмет көрсетуші персоналға этикалық-құқықтық мәселелер бойынша консультациялық-әдістемелік көмек көрсетеді;

6) зерттеу барысында анықталған жағымсыз және жанама әсерлердің туындау жағдайларын сараптамалық бағалауды, сондай-ақ зерттеуді жалғастыру мәселесін шешу үшін зерттеу процесінде алынатын аралық нәтижелерді бағалауды жүргізеді;

7) сараптамаға келіп түсетін құжаттаманың құпиялылығын сақтайды. БЖК отырысы кворум сақталған кезде өткізілуі мүмкін және оның шешімдері отырысқа Комиссия мүшелерінің 2/3 бөлігі қатысқан жағдайда жарамды болып саналады.

3.3 БЖК ұсынылған құжаттар мен деректерді сараптаудың нәтижелері бойынша мынадай қорытынды шығарыды:

1) зерттеу жүргізуді мақұлдау;

2) лкб қорытындысы берілгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде зерттеу материалдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынымымен зерттеулер жүргізуді мақұлдасын;

3) зерттеу материалдарын кейіннен кезекті отырыста қайта қарай отырып, ескертулер жойылғанға дейін шешім қабылдауды кейінге қалдыруға;

4) зерттеу жүргізуге өтінімді қабылдамау.

4.4 Өтініш берушінің сараптама нәтижелерімен келіспеушілігі туындаған жағдайда, БЖК өтініш берушінің өзі қатысатын және өтініш берушінің шағымы түскен сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде тәуелсіз сарапшыларды тарта отырып, зерттеу материалдарын қайта қарайды.

4.5 БЖК өз қызметінің нәтижелері бойынша жыл сайын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Биоэтика жөніндегі орталық комиссиясына (бұдан әрі - БЖОК) жүргізілген жұмыс туралы есеп береді.

5 БӨЛІМ БЖК ҚҰҚЫТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5.1 БЖК:

1) этикалық комиссияның қарауына өтінім берген зерттеушілер мен ұйымдардан клиникалық зерттеуге, клиникаға дейінгі (клиникалық емес) зерттеуге қатысты, Комиссия мүшелерінің пікірінше, бұл ақпарат зерттеушілердің құқықтарын, қауіпсіздігін және (немесе) әл-

| | | | |
|---|---|----------------|-----------------|
|  | ҚР ДСМ «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК биоэтика жөніндегі жергілікті комиссия туралы ереже | Е-02(03)-13-25 | 7 беттің 5-беті |
|---|---|----------------|-----------------|

ауқатын қорғау дәрежесін едәуір арттыруға мүмкіндік беретін болса кез келген ақпаратқа, зерттеу туралы қосымша мәліметтерге сұранымды жүзеге асыруға;

2) әртүрлі салалардағы мамандар болып табылатын басқа да тәуелсіз сарапшылар мен консультанттардан және әдеп мәселелері жөніндегі орталық комиссия мүшелерінен көмек сұрауға;

3) өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша түсініктемелер, ұсынымдар, нұсқаулар беруге және шешімдер қабылдауға құқылы;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

5.2. БЖК мынаны қамтамасыз етуге міндетті:

1) адамның қатысуымен жүргізілген барлық зерттеулерді сараптаудың тәуелсіздігі, сапасы және объективтілігі;

2) күтілетін пайдамен салыстырғанда субъектілер үшін ықтимал тәуекел мен қолайсыздықтың қауіпсіздігі мен негізділігі;

3) құпиялылықты сақтау;

4) БЖК оны жүргізуге туындаған даулы мәселелер бойынша жазбаша қорытынды бергенге дейін сыналушыны зерттеуге/сынауға енгізуге жол берілмеуі;

5) БЖК қызметін құжаттандыру, отырыстардың хаттамаларын жүргізу, алдағы отырыстар туралы хабардар ету, отырыстарды ұйымдастыру, құжаттарды СОР сәйкес сақтау және мұрағаттау;

7) осы Ережеде көзделген функцияларды сапалы және уақтылы орындау;

6 БӨЛІМ КОМИССИЯНЫҢ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

6.1 БЖК мүшелері:

1) олардың жеке қасиеттері, қызығушылықтары, әдеп немесе ғылым саласындағы білімі мен тәжірибесі негізінде. Кандидатураларды талқылау кандидатты ұсынған БЖК мүшесінің ұсынысы және кандидаттың кәсіби өмірбаяны негізінде жүргізіледі;

2) комиссия құрамына енгізілуі мүмкін кандидаттың келісімімен, тиісті клиникалық практика (GCP) қағидаларын ұстануға, БЖК-ның стандартты операциялық рәсімдерін (бұдан әрі – СОР) орындауға, сондай-ақ өзінің деректерін (атын, кәсібін, лауазымын) жариялауға келісуге, құпиялылық және мүдделер қақтығысы туралы міндеттемеге қол қоюға құқылы.

6.2 Осы мәселе бойынша БЖК шешімі комиссия отырысында консенсус жолымен қабылданады. Мақұлданғаннан кейін төраға БЖК тізімі құрамына тиісті толықтыруды бекітеді.

6.3 Комиссияға кірген кезде әрбір қатысушы құпиялылық және мүдделер қақтығысы туралы келісімге қол қоюы тиіс, ол жария етуге жатпайтын ақпаратты оған уәкілеттік берілмеген адамдардан құпия сақтауды қамтамасыз етеді.

6.4 БЖК мүшелері оларда бар қандай да бір мүдделер қақтығысы туралы немесе қарауға жататын жобаға немесе ұсынысқа қызығушылық дәрежесі туралы көрсетуі тиіс, ал БЖК осы мүшелердің БЖК ұсынымдарын талқылауға және қалыптастыруға қатысу мүмкіндігі мен шарттарын айқындауы тиіс.

6.5 БЖК мүшелері өз міндеттерін жосықсыз орындаған кезде: отырыстарға қатысудан жалтарған, құпия ақпаратты жария еткен және т.б. кезінде БЖК-ның қалған мүшелерінің шешімімен құрамнан шығарылуы мүмкін.

6.7 БЖК мүшелері тиісті өтінішті БЖК төрағасына ұсына отырып, өз қалауы бойынша құрамнан шыға алады.

6.8 Тәуелсіз консультантты нақты зерттеу бойынша сараптама жүргізу үшін сарапшылар арасынан БЖК төрағасы тағайындауы мүмкін. Тәуелсіз кеңесшілер этикалық сараптамаға тартылған кезде, БЖК мүшелері сияқты, құпиялылық/мүдделер қақтығысы туралы келісімге қол қоюы керек. БЖК жекелеген зерттеу хаттамаларына немесе белгілі бір мәселелер бойынша

| | | | |
|---|---|----------------|-----------------|
|  | ҚР ДСМ «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК биоэтика жөніндегі жергілікті комиссия туралы ереже | Е-02(03)-13-25 | 7 беттің 6-беті |
|---|---|----------------|-----------------|

тәуелсіз консультанттардың (сарапшылар) пікіріне ұсынымдарға қатысты өз пайымдауларына сүйене алады, алайда олардың дауысы шешуші емес, кеңесші болып табылады.

6.9 БЖК төрағасының міндеттері:

- 1) БЖК отырыстарын ұйымдастыру және өткізу үшін жауапкершілік;
- 2) ТҒӨО басшылығына комиссия жұмысының нәтижелері туралы баяндамалар ұсыну;
- 3) БЖК мүшелерін таңдау үшін жауапты болады және кандидатураларға қатысты және осындай шешімнің себептерін түсіндірместен БЖК жұмысы кезінде өзара сыйластық ахуалын қамтамасыз ету және жанжалды жағдайларды болғызбау мақсатында вето құқығына ие болады;
- 4) БЖК тізімдік құрамын бекітеді және оған өзгерістер енгізу;
- 5) нақты зерттеу бойынша ерекше сараптама жүргізу үшін тәуелсіз консультанттарды шақыру;
- 6) зерттеушілерді зерттеуге (сынауға) қатысты БЖК қорытындылары мен негіздемелері туралы, оның қорытындыларына және (немесе) ұсынымдарына шағымданудың тәртібі туралы хабардар ету;
- 7) отырыстарды өткізу тәртібін, сондай-ақ отырыстарды ұйымдастыруды айқындайды; құжаттарды БЖК СОР сәйкес сақтау және мұрағаттау;
- 8) БЖК шешімдерін бекіту;
- 9) жүктелген міндеттер мен функцияларды орындау бойынша БЖК қызметін ұйымдастырғаны үшін жауапты болады.

6.10 БЖК төрағасы орынбасарының міндеттері:

- 1) отырыстарды өткізу және төраға болмаған жағдайда ЛКБ жұмысы үшін жауапты болады және оған отырыстарды өткізуде қолдау көрсетеді;
- 2) СОР, нұсқаулықтар мен басқа да құжаттарды дайындауға, қарауға, қайта қарауға және таратуға қатысады;
- 3) іс жүргізуді ұйымдастыруға, құжаттаманы және БЖК мұрағатын жүргізуге жауапты болады.

6.11 БЖК хатшысының міндеттері:

- 1) әрбір алынған өтінім бойынша іс қағаздарын жүргізуді қамтамасыз етеді;
- 2) БК құжаттамасы мен мұрағатын дайындауға және жүргізуге жауапты;
- 3) БЖК тұрақты отырыстарын ұйымдастыруға қатысады, оның мүшелерін алдағы отырыстар туралы хабардар етеді;
- 4) БЖК төрағасымен отырыстың күн тәртібін дайындайды және келіседі;
- 5) БЖК отырыстарының хаттамаларын жүргізеді;
- 6) БЖК мүшелерімен және өтінім беретін тұлғалармен байланыста болуды жүзеге асырады.

6.12 Комиссия ұсынылған құжаттардың қорытындысы бойынша мынадай қорытынды шығарады:

1. зерттеу жүргізуді мақұлдау;
 2. қорытынды берілгеннен кейін екі апта ішінде зерттеу материалдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу, ұсыныммен зерттеулер жүргізуді мақұлдау;
 3. БЖК отырысында зерттеу материалдарын кейіннен қайта қарай отырып, ескертулер жойылғанға дейін шешім қабылдауды кейінге қалдыру;
 4. зерттеу жүргізу өтінімнен бас тарту.
- 6.13 Өтініш беруші сараптама нәтижелерімен келіспеген жағдайда, БЖК өтініш түскен сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде тәуелсіз сарапшыларды тарта отырып, зерттеу материалдарын өтініш берушінің өзі қатыса отырып қайта қарайды.
- 6.14 Комиссия құжаттаманы нормативтік құқықтық актілермен бекітілген тәртіпке сәйкес жүргізеді және сақтайды.
- 6.15 Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар белгіленген тәртіппен енгізіледі.

| | | | |
|---|---|----------------|-----------------|
|  | ҚР ДСМ «Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы» ШЖҚ РМК биоэтика жөніндегі жергілікті комиссия туралы ереже | Е-02(03)-13-25 | 7 беттің 7-беті |
|---|---|----------------|-----------------|

7 БӨЛІМ БАСҚА ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БЛІМШЕЛЕРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛЫ

7.1 Комиссия БЖК сараптамаға өтінімдер беру кезінде ТҒӨО құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимыл жасайды.

7.2 БЖК өз қызметінде БЖК-ға сараптамаға өтінім берген медициналық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды.

7.3 Жыл сайын ОЖК атқарған жұмысы туралы есептерді тапсырады.

8 БӨЛІМ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

8.1 БЖК пәнаралық негізде қалыптастырылады және ТҒӨО басшысының бұйрығымен бекітіледі.

8.2 БЖК құрамына төраға, төрағаның орынбасары, хатшы және мүшелер кіреді, олар келесі мерзімге қайта сайлану құқығымен 3 жыл мерзімге тағайындалады, бірақ 2 реттен аспайды.

8.3 БЖК құрамында әр түрлі жыныстағы және жастағы 5-11 адамға дейін, мүшелердің кәсіби қызмет саласы шектелмейді. Комиссия құрамына медицина саласындағы мамандар, құқық саласындағы маман, қызметінің негізгі саласы ғылым саласы болып табылмайтын және осы мекеменің қызметкері болып табылмайтын бір маман кіруге тиіс.

9 БӨЛІМ ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

9.1 БЖК комиссиясы туралы ережеге қзгерістер мен қосымшалар енгізу және БЖК комиссиясын тарату ТҒӨО Басқарма төрағасының бұйрығымен жүзеге асырылады.